«ДК Абдырахман Д. Ж.»

130400, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы, Шетпе кенті, Базарлы 355

01.08.2018 ж. № 14 Маңғыстау ауданы

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы
С. Қасымовқа

ДК Д. Ж. Абдырахманнан

"Шетпе ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі тарапынан ұйымдастырылған (*бұдан әрі - ұйымдастырушы*) №2647328-ОК2 санды «Шетпе селосы бойынша аббаттандыру жұмыстары» мемлекеттік сатып алуының қорытындысына сәйкес «Рамазан-2010» ЖШС жеңімпаз ретінде танылған.

Осыған сәйкес, ДК Абдырахман Д. Ж. жоғарыда аталған конкурс қорытындысымен келіспей шағым түсіреді.

«Рамазан-2010» ЖШС-і конкурстық өтінімінен келесідей бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (*бұдан әрі - қағида*) 85-1 тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (*бұдан әрі – заң*) 9-бабының 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен қатар, қағиданың 150-тармағының 1-тармақшасында әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы – конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

Қағиданың конкурстық құжаттамасының 6-қосымшасының 3-тармағында әлеуетті өнім беруші қызметті көрсету үшін қажетті растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәлеметтерді көрсетеді деп жазылған.

Осымен, ұйымдастырушымен әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қойылған: Автопогрузчики, 5 т; Бульдозеры; Катки дорожные самоходные гладкие, 8 т; Краны на автомобильном ходу, 10 т; Лебедки электрические тяговым усилием; Машины поливомоечные, 6000 л; Подъемники мачтовые, высота подъема 50 м; Автомобили бортовые;

«Рамазан-2010» ЖШС конкурстық өтінімінде Катки дорожные самоходные гладкие, 8т орнына Дорожный каток BOMAG BW-1647AC.AC 10т құжаттарын ұсынған. Алайда, қағиданың нормаларына сәйкес каток техникасы бір бірімен ауыстыруға немесе орнына басқа салмақтағы модельдерді қолданылуына рұқсат берілмейді. Бұл талаптар ескерусіз қалып, 8 тонналық каток орнына 10 тонналық каток ұсынған.

Сонымен қатар, автомобиль бортовой техникасына сәйкес ұсынған жеке тұлға А. О. Игилмановадан жалға алынған Маз 650108 020 автокөлігінің тіркеу куәлігінде айрықша белгісінде самосвал екендігі көрсетілген. Нақты сұратылған техника орнына техникалық сипаттамасы басқа, конкурстық құжатта сұратылған техникадан басқа көлік құралы ұсынылған. Бұл конкурстық құжаттама талаптарының орындалмағаны.

Демек, «Рамазан-2010» ЖШС-нің өтінімі материалдық ресурстарына ие болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі ескерілместен, конкурсқа жіберу туралы негізсіз шешім қабылданғаны анықталды.

«Бектеміс Жары-Строй» ЖШС конкурстық өтінімінен келесідей бұзушылықтар анықталды.

«Бектеміс Жары-Строй» ЖШС конкурстық өтінімінде Катки дорожные самоходные гладкие, 8т орнына счет фактура салу арқылы меншігіндегі Samsan RVR 212 Samsan техникасын ұсынған, алайда аталған техникалық сипаттамасында салмағы 830 кг-дық екені ескеріле отрып жоғарыда келтірілгендей каток техникасы бір бірімен ауыстыруға немесе орнына басқа салмақтағы модельдерді қолданылуына рұқсат берілмейді. Бұл талаптар ескерусіз қалып, 8 тонналық каток орнына 830 кг, яғни 0,83 т каток ұсынған.

Сонымен қатар, техниканың 1-сәуірде алынғанын ескере отырып, бұл техниканы тиісті мемлекеттік органда тіркелуі қажет болсада, тіркелінбей тек сатып алынғаны жөнінде құжат ұсынылған. Демек, бұл техниканы жеке меншігіндегі жөнінде айқындайтын тіркеу құжаттары ұсынылмаған.

Осыған қоса, ұсынылған счет фактурада машина универсальная поливомоечная ПМ-3/ПМ 5,5, 6000 л ұсынылған. Алайда техникалық сипаттамаға сәйкес ПМ-3 пен ПМ 5,5 екі бөлек техника екендігін, сонымен қатар екеуінде көлемі 6000 л-ге жетпейтіндігін атап көрсетуге болады.

Осы аталған бұзушылықтарды ескере отырып «Бектеміс Жары-Строй» ЖШС конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс болатын.

Жоғарыда аталғандар негізінде, конкурс қорытындысын Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-қосымшасында көзделген Мемлекеттік сатып алу бұзушылықтарын жою тәсілдеріне сәйкес №5, №6, №7 – бейіндер бойынша шешім қабылдауды сұраймын.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабы 5-тармағына сәйкес, көрсетілген мерзімде тиісті дәлелдермен жауап беруіңізді сұраймын.

Жауап көшірмесін duman_zhanai@mail.ru электронды почтасына да қосымша жіберуіңізді сұраймын.

ДК Абдырахман Д. Ж. **Абдырахман Д.**